

## Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты депутаттарының сайлауын қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 шілдедегі N 775 Қаулысы

"Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлауды 2005 жылғы 19 тамызға тағайындау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 16 маусымдағы N 1591 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясына осы мақсаттарға көзделген қаражат шегінде Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлауды уақтылы қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясына: облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың әрбір аумақтық сайлау комиссиясын қаржыландыру жоспарын уақтылы бекіту және Астана қаласы Қазынашылық департаментіне ұсыну;

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлауды өткізуге бөлінген бюджет қаражатын уақтылы және мақсатты пайдалануды және бюджет заңнамасы мен сайлау туралы заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі сайлау учаскелерін іркіліссіз байланыспен қамтамасыз ету бойынша қажетті жұмыс жүргізсін.

4. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі сайлау учаскелерін күзету, сондай-ақ сайлау күні қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі қолданыстағы заңнамаға сәйкес депутаттыққа кандидаттардың бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеу құқығын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатына депутаттар сайлауды кеңінен жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі сайлау учаскелерінде өртке қарсы іс-шаралар кешенін жүргізуді ұйымдастырсын.

7. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлауды өткізуге бөлінген республикалық бюджет қаражатын пайдалану бойынша есепке алу және есептілікті жүргізу үшін жауапты адамды (әкім аппаратының бас бухгалтерін немесе қаржы қызметінің басшысын) белгілесін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК